

Тексерілді:

«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері

А.Адилова

Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы
«Балдырған» ортаңғы топ Қараша айы (1-апта)

Өтпелі тақырып: «Күз сыйы»

Тақырыпша: «Берекелі Алтын күз»

Апта күні :01.11-05.11.21ж

Күн тәртiбi	Дүйсенбi	Сейсенбi	Сәрсенбi	Бейсенбi	Жұма
Балаларды қабылдау	<p>Мақсаты: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру; - балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту, - отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. 				
Ата-аналармен әңгімелесу	Жалпы топ тазалығы, гүлдерді суару, құмды қопсыту, балалардың тазалықтарына көңіл аудару				
Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б.)	Дені саудың - жаны сау әңгіме.	Ү/ү ойын «Пазл» «Үй құрастыр».	Өзім туралы әңгіме.	<p>Картотека №11 Өз үйінді тап Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер. Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау.</p>	<p>Картотека №10 Гараждар Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту Ойын барысы: Қолдарына суреті бар менгіріктерді таратып беру. «Көліктеріңді гараждарына апарып қойындар» - деген кезде, менгіріктің суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.</p>
Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	Таңғы жаттығу Маман жоспарына байланысты				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдылары мен білімдерін орындау және бекіту. Ойын жаттығуы: «Жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың...»				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	«Ойыншықты тап» Мақсаты: белгілері бойынша жасырылған ойыншықты табу.	«Қызықты лото» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту.	«Түрлі-түсті түстер» Мақсаты: үстел үстіне 7қызыл түстер қатарға тізіп	Ү/ү ойын «Пазл» «Пойыз құрастыр» Мақсаты: Балалар пазлдың көмегімен	«Өз орнынды тап» Мақсаты: жерге үшбұрыш сызылып, оны 5-ға бөліп сызу.

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p>	<p>1.Музыка Тақырыбы: «Күзгі қойма» «Алма» ертегісі бойынша</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Дұрыс тамақтана білейік»</p> <p>3.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Қоңыр күз</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Н. Әлімқұловтың «Апорт алма» өлеңі</p> <p>2.Мүсіндеу Тақырыбы: «Жемістер. Алма. Алмұрт»</p> <p>Мақсаты: Жемістер жайлы мағлұмат беру.</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күн нұры» (таза ауада)</p> <p>.</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: «Шаршы. Үлкен-кіші»</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Маймылдар»</p> <p>2. Сурет Тақырыбы: «Мандариндер мен апельсиндер»</p> <p>3.Музыка Тақырыбы: «Күзгі қойма» «Алма» ертегісі бойынша</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көжектерге арналған денешынықтыру»</p> <p>Мақсаты: Әдемі көжектер сикты секіру.</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Жемістер. Алма»</p> <p>Мақсаты: Жеміс жидертермен таныстыру.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге қызығушылық тудыру; балалармен жеке сөйлесу; серуен жабдықтарын дайындау; серуендегі балалардың әрекетін ынталандыру Киіну реттілігін сақтау, сап түзеу</p>				
<p>Серуен</p>	<p>№1 Бақылау:Жаңбырды бақылау. Мақсаты:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек:Ағаш түптерін қопсыту.</p>	<p>№2 Бақылау:Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату. Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге</p>	<p>№3 Бақылау:Жылы жаққа қайтқан тырнарларды бақылау. Мақсаты:Күзде тырнарлардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек:Кұстарға жем</p>	<p>№4 Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты:Гүлзардағы гүлдерді</p>	<p>№5 Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің</p>

	<p>Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.</p> <p>Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)</p> <p>Мақсаты:Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p> <p>Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек».</p> <p>Мақсаты:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Сұр қоян».</p>	<p>қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бұ болып</p> <p>Жерге қайтар су болып.</p> <p>(Бұлт)</p> <p>Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p>Ойын: «Кімге қандай құрал керек?»</p> <p>Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Соқыр теке».</p> <p>Ойын барысы:</p>	<p>сауыт жасау.</p> <p>Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Сапсары боп келе жатқан</p> <p>Сезді мекен күзді олар .</p> <p>Қарлығаштар ұшып кетті,</p> <p>Ұшып кетті тырналар.</p> <p>Мақсаты:Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?»</p> <p>Мақсаты:Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Аттамақ».</p> <p>Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.</p> <p>Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті</p>	<p>суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.</p> <p>Жеке жұмыс: Тапқақ «Жел»</p> <p>Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Жел улейді у-у-у.</p> <p>Құйын келіп билейді зу-зу-зу</p> <p>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,</p> <p>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.</p> <p>Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек».</p> <p>Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Орамал тастау».</p> <p>Ойын барысы:Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруғ</p>	<p>грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қойыр молайту.</p> <p>Қимылдық ойын: « Ақ қояным»</p> <p>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты»</p> <p>Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты», - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсесеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға, үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Тәтті тоқаштар» пісірейік • «Мені қуып жет». <p>Тренинг: «Шаңырақ»</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>Ойын барысы: Ойыншыл ардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:</p> <p>Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгждеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды- түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын , құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе</p>	<p>Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртеке» болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға ,</p>	<p>керіп ұстап тұрады. Біріншісі- төмен , оны аттап өту керек, екінші- биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.</p> <p>1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.</p> <p>2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.</p> <p>Тренинг: «Тырналар болып ұшайық».</p>	<p>а ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқа оушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қуға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <p>1. «Желмен жарысайық»</p> <p>2. «Менің әдемі үйім» (құрастыру)</p> <p>Тренинг: «Қолшатыр астында».</p>	
--	--	---	---	---	--

	жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Қолшатыр».	бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. Дербес ойындар: 1. Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: «Біз тату баламыз».			
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жақтқызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Аудио ертегілер тыңдау	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық	Керует жанындағы жаттығулар «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді.	Керует жанындағы жаттығулар - Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу. - Қол белде, оңға, солға иілу .	Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				

Ойындар, дербес әрекет	«Тапсырманы орында» Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.	«Тапсырманы орында» Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма.	«Біркелкі пішіндерді сана» Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана) Барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау.	«Әдемі кілемшелер» Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.	«Айсұлу қуыршағын шешінуге үйретейік» Мақсаты: Киімдерді шешу ретін есте сақтап қалу, оларды ұқыпты жинап және бүктеуге үйрету, киімдердің аттарын сөйлемдерде қолдануға үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші қуыршақты бөлмеге алып кіріп «Қуыршақ серуеннен келді, қазір ол шешінеді» дейді. Балалар тәрбиешімен бірге қуыршаққа дұрыс шешінуге үйретеді.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Балалармен апта күндерін рет-ретімен атап, есте сақтай білуге үйрету.	Балалармен жұмбақ жасыру. М: Ойлау қабілеттерін арттыру.	Балалардың тілдерін дамыту мақсатында сөз ұйқас жаттау.	Балалармен кеңістікті бағдарлау М: Өзіне жақын кеңістікті бағдарлай білуге үйрету	Балалармен 5 көлемінде тура және кері санау М: есептік санау қабілеттерін арттыру
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу				
Серуеннен оралу	Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру				
Балалардың үйге қайтуы	Таңертең бақшаға кешікпей келуді тапсыру. Балалардың тәртіптері туралы әңгімелесу				